

Т а р б а ғ а т а й а у д а н ы
Тәуке Жұмықұлының 340 жыл мерейтойына арналған
танымдық -теориялық конференция

Тәукеден тараған тарихи тұлғалар

Баяндама

Баяндама авторы : Абай атындағы орта мектебінің шебер педагог
санатындағы тарих пәні мұғалімі Қабидолдин Қуаныш Тілеуханұлы

Ақжар ауылы
24 тамыз 2019 жыл

Ассалаумағалейкум!!! Тарбағатайдың орталығы болған қасиетті туған өлкеміз, қадірлі өсіп, өнген жеріміз, алтын бесік, алтын тамыр ауылымыз, Тәуке бабамыздың жері ажарлы Ақжарға баба тойына жиналған, қадірлі көпшілік қауым, ақ жарма ағайын, алыс жақыннан келген, құрметті мерейтой қонақтары.

2015 жылы Қазақ хандығына 550 жыл толу кезінде ел басы «Біздің тарихымыз ата бабаларымыздың ат тұйяғының дүбірімен жазылған тарих» деді. Әлемдегі 9 шы территория саналатын 2727 шаршы шақырым жерде орналасқан, алып атырап қазақ жерінің қай тұсы да ата-бабаларымыздың ат үстінде жүріп туған жерін, қасжауынан, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған жер. Осы орайда ел шығысындағы Тарбағатай тауын мекендеген Орта жүздің Найман Қаракерей руынан тарайтын Байжігіт елінің ұрпағы да, ту ұстап тұлпар мініп, жауға қарсы шапқан, қаһарман қас батырлар болды.

Авторлары, республикалық «Қазақ тарихы» журналының бас редакторы Әбділдәбек Салықбай мен республикаға мәлім Ақсуат ауылындағы мұражай директоры Қонысбек Ақжасар болатын 2008 жылы шыққан «Тоғызтаңбалы наймандар» атты кітапта, – Байжігіт елі атақты адамдарға өте бай. Қабанбай мен Дәулетбай батырлар, Сасан бай, Зайсан оязының әмірін тыңдамаған өркеуде Бұтабай үкірдай, «Біржан – Сара» айтысында Сара сыйынатын Жанұзақ ақын, 1919 ж «Үш жүз» партиясын құрушы Көлбай Төгісов, аттың тағасын қол күшімен жазатын Әбділдәбек балуан бәрі де осы рудың перзенттері. Ертеде төренің біреуін өлтірген адам 7 кісінің құнын төлейді екен. Осы ережені екі кісінің құнына дейін төмендеткен Ұлтарак би де осы елден шыққан саңлақ деп жазылған.

Осы аталған Байжігіттегі 8 тұлғаның ішіндегі 3 еуі: Ұлтарак би, Көлбай Төгісов, Әбділдәбек балуан текті бабамыз Тәуке Жұмықұлының ұрпақтары.

Тәуке бабамыз өмірден ерте өтсе де, «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөзде айтылғандай, Тәукеден тарайтын: Шақаман, Өтеп, Түкі ұлдарынан өрбіген ұрпақ, бүгінде қалың елге айналып, еліміздің әр жерінде ғұмыр кешіп, Тәуке баба ұрпағын жалғауда.

«Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады» дегендей Тәукеден тараған ұрпақта, алты алашқа, одан бері бүкіл қазаққа және бүкіл Найман елі мен алты Жұмыққа аттары аян болған танымал «Тарихи тұлғалар» баршылық. Қанапия Түбекбайұлының «Ой толғау» атты кітабында олар туралы былай делінген.

Бесінші ұлы Жұмықтың бабам Тәуке.
Ел емес білмейтұғын бұлда келте,
Мал мен басы тең өскен бұл атаның
Басқа Жұмықтан кем емес жекпе-жекке.

Үш ұлы Өтеп, Түкі, Шақаманы
Ең үлкені Шақаман аталғаны,
Мекен еткен қоянды Шорға жерін
Осылар үш Тәуке аталады.

Түкіде Базар қажы, Тоқай, Табақбай батырлары
Тігілген жау жолында шатырлары,
Тәукенің ұраны Табақбай атаныпты,
Жау естісе Табақбай Бошқынды қалтырады.

Өтептен Ұлтарақ би оза шыққан
Алдында дұшпандары қойдай ыққан,
Баласы Ұлтарақ би құт Шаянбай,
Жігітке рахмет мұны ұққан.

Баласы Шаянбайдың Бөгіс, Төгіс
Бай болған дәулет қонып түгел тегіс,
Нүреке Әбділдәбек болыс болып
Алмаған заманында елден сөгіс.

Баласы он екі Бертіс қаулап өскен
Ыдырыш сөз бастаса желдей ескен,
Жазыбай, Көлбайлары орысша оқып,
Съезде тілмәш болып солар шешкен.

Мырзақан, Бурахандар елдің басы
Моты әкесі, бай кісі ел ағасы,
Баласы Мырзақан болыс Ыдырыш қажы,
Жіберсе домалаған өрге тасы.

Осындай Тәуке атамда, адамдар бар
Барлығы сайлау болса алатын шар,
Бақ қонып, дәулет тасып тұрған шақта,
Қызыл кеп замандары болды ғой тар.

Бұлардан басқа Шақаман би, Танау батыр, Қасқақ батыр, Дабар мен Бөкенбай батыр бар.

1920 ж Зайсанға атақты Қажымұқан келгенде, даңқты балуанға әрі болыс, әрі балуан болған Әбділдәбек өзінің көктеңбіл тұлпарын сыйға тартыпты.

Осы Әбділдәбек бабасына ұқсап, балуан болған бүгінгі күн батыры Мақсат Мәзібаев, Тәуке елінен шыққан, ресми тұңғыш самбо және қазақ күресінің әлем чемпионы. Ал Тарбағатай ауданынан шыққан 4 министр Аманкелді Қажыбаев, Роза Есенжолова, Төлеубай Рақыпбеков, Дархан Кәлетаевтардың ішінде Төлеубай Рақыпбеков пен Дархан Кәлетаев Тәуке елінің тумалары.

Әкесі Жұмықтың жақсыға ырымдап өз ұлына, әйгілі әз Тәуке ханның есімін қойған Тәуке бабадан осындай тау тұлға, тарихи тұлға, танымал адамдар тараған. Жақсының есімін өз ұрпағына қою дәстүріне Тәуке тұлғалары де үлгі болған. Мұхтар Әуезовтың « Абай жолы » романында, Арғынның Тобықты

биі Кеңгірбай, баласы Ералыға Өтеп – Бөжейдің қызын айттырып, құда түседі. Бөжейдің қызынан туған жиенге, нағашысының «Бөжей» есімін беруі, құдасы Ұлтарактың әкесі Бөжейге деген зор құрметтің белгісі. Келіннің шыққан жерінің тектілігін мойындап, оны ұрпағына сіңіру ниеті. Жұмық жұрты Тәуке елі мен Арғын Тобықты арасындағы тектілік байланысы, осы адамдармен атымен басталады.

Тәуке баба тектілігін айтуды қорытындылағанда барлық алты Жұмық бес Саты ішінде тек Тәукеде ғана жеті атадан қаракөк қасиеті үзілмеген. Яғни би болу, білімді, білікті болу, батыр болу әрекеті жеті атадан үзілмей жалғасқан. Бұл ұғымды қазақта «Дүт» депте атайды. Ауылымыздағы Байжігіт баба мешітінің имамы Амангелді қажы Тәуке бабаға арналған өлең жолдарында:

Берекесіз дүниеде баян барма?

Құт қонбас мал біткен мен аяр байға.

Бес Байжігіт көтерген төбесіне,

«Дүт» қонған Мырзахан би мен құт Шаянбайға.

Ақиқатын айтқанда Ақжар аймағында туып өскен біз, көпшілігіміз Тәуке жұртына қарыздармыз. Осы жердің суын ішіп, осы жерде өніп, өсіп ер жеттік. Ақжарда бір ақсақал атамыз айтыпты мен өзімді білмеймін, әйтеу Тәукені жақсы білем, Тәукені жақсы таратып бере алам деп. Ал 18 ғасыр аяғында Тарбағатай жеріне Ресей патшалығынан, қысым көріп келген татар ағайындарды Ұлтарак және т.б танымал тұлғалар бауырына тартып, жер беріпті. Содан бері олар өздерін Тәукеміз деп айтады екен.

Енді құрметті ағайын, қадірлі бір ата, алты Жұмық бес Сатының туған балалары, бүгінде ағайын арасындағы Тәуке бабамыздың өлімі өз ағайындарынан болыпты деген сөзді, қоятын уақыт жетті деп ойлаймын. Оның үстіне оған қарсы дәлелдерде бар.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Қожан елінің ұрпағы Кәмен Мамырұлының 2003 ж шыққан «Жұмық батыр» атты кітабында, жаумен шайқаста бірінші Қожан мерт болып, кейін Тәуке де жау қолынан қаза табады деп жазылған. Өткен жылдың аяғында Тәуке мерейтойының құрылтайында таратылған бабамыз туралы газетте, Тәуке 16 жасынан жауға аттанып жоңғардың батыры Самрунжырғалды жекпе жекте жеңіп, оның қолындағы сар туды түсіріп, **«Ту түсірген Тәуке батыр»** атанды деген дерек бар. Бұл деректі бабамыздың ұрпағы, белгілі ақын Аслан Ғафуров және т.б азаматтар Қытайдың Пекин қаласындағы №1 архивінен алдырған. Аслан Ғафуровтың қолға алған **«Ту түсірген Тәуке батыр»** атты кітабында осы туралы толығырақ баяндалады.

Белгілі ғалым Асқар Жұмаділдаев: қазір қоғамда **«Шыңғысхан қазақ деген»** пікір бар, жарайды жақсы Шыңғысхан қазақ болса болсын, одан бізге не келіп кетер деп айтқандай, Тәуке ағайындар қолынан мерт болды деген сөз рас болғанда, одан бізге, бір туған ағайынға не қайыр болмақ. Осындайда халқымыздың **«Ағайынның азары болса да безері болмайды», «Ағайын өкпеге қисада өлімге қимайды»** деген саналы сөзі еске түседі. Сондықтан осы сөзге тоқтайық, басқа ештеңе айтпайық.

90 – шы жылдар басы елімізде «**Батырлар оянған жылдар**» болды. Сол жылдары талай уақыт есімдері ұмыт болған батыр бабаларымыз Қабанбай, Дәулетбай, Бөгенбай, Райымбек және т.б көптеген батырлар есімі еске алынып, мерейтойлары аталып өтілді .

Енді қазір 2010 жылдар ауданымыз Тарбағатай жерінде «**Бабалар оянған жылдар**» болуда 2015 ж Ақжарда Дәулетбай батыр бабаға ескерткіш орнатылып, саябақ ашылды. 2016 ж Ақжарда Байжігіт баба мен Мақта апаға ескерткіш тұрғызып, саябақ ашылды Ойшілік ауылында Тоғас ханға ескерткіш орнатылды. 2017 ж Ақжарда Сайболат бабаның ұрпағы Шотай бабаға үлкен ас берілді. 2018 ж өткен жылы Ақжарда Қараша бабаға ас беріліп, «Ұлы дала ұрпақтары» атты мемориалдық үлкен саябақ ашылды. Биыл 2019 ж тамыздың 23-24 күндерінде Тәуке бабамыздың 340 жыл мерейтойы Ақжар, Қарасу, Ақмектеп, Қабанбай және Тәуке ауылдарында аталып өтуде. Алдағы уақытта Сайболат, Бұрымбет, Қожан бабаларымызға ас беріледі деп жоспарлануда.

Осы орайда, менің ағайын көпшілік пен зиялы қауымға айтарым барлық осы, алты Жұмық пен бес Сатыдан тараған тарихи тұлға, бабалардың өмірін көпшілік пен жас ұрпаққа насихаттау және ғылыми айналымға енгізу мақсатында Ақжар ауылында «**Байжігіттану**» ғылыми орталығын құруды ұсынамын.





Мерейтой қонақтары : елімізге танымал әнші Нұрғали Нүсіпжанов пен Тәуке баба ұрпағы, танымал әнші Есмұрат Қыдырмолдин «Тәуке баба» әнін орындауда